"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2398
04. 05. 2018 ж.

«Боонис КС» ЖШС-нің
директоры
С.Б.Шанкөзге

Сіздің 26.04.2018 жылғы №86 және 27.04.2018 жылғы №87 *(кіріс3Т-Ш-843,843/1 26.04.2018ж)* өтінішітеріңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен «Түлкібас ауданы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* 2018 жылдың 13 наурызында веб-порталға жарияланған №2419380-1 *«Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімі КММ-не қарасты Майлыкент атындағы ЖОМ-ң және Бреусов атындағы ЖОМ-ң ғимаратын ағымдағы жөндеу жұмысы»* хабарландырулары бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында анықталғаны;

Заңның 9 бабы 4 тармағына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген.

Осы баптың 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Заңның 21 бабы 2 тармағы 2-тармақшасына, Қағиданың 52 тармағы 2 тармақшасына, Конкурстық құжаттаманың 2 тармағы 2 тармақшасына сәйкес, *«Техникалық ерекшеліктің орнына жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қамтуға тиіс,*–деп көрсетілген.

Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, *Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын* ***техникалық ерекшелікте*** *көрсетіледі.*

Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасы ескертпесінің 11-тармағына сәйкес, *Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.*

Осыған орай, конкурстық комиссия, конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде нақты талап көрсетілмегеніне қарамастан, Қағиданың 150-тармағының талаптарына қайшы әлеуетті өнім берушілерді конкурстан шеттетілген.

Анықталған бұзушылықтар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіруге, конкурс ұйымдастырушыға хабарлама жолданды.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Департамент
басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген:
А.Мұратов

Орын.Умирбеков У.
Тел: 35-06-06